

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
СЕМЕЙ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Занды тұлғаға (филиал мен өкілдікке)
мемлекеттік (серептік) қайта тіркеу

2018 ж. « 26 » _____ жүргізілді
БСН _____
2018 ж. « 29 » _____
Әділдік тіркелген күні
ӘМТН _____ - 1917 - 27- _____

«Шығыс Қазақстан облысының
мемлекеттік сатып алу және
коммуналдық меншік басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы
«06» 12.2018 №7-655 бұйрығымен
бекітілген

**Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау
басқармасының «Семей қаласының қан орталығы» шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын
Жарғысы**

1. Жалпы ережелер

1. Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Семей қаласының қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің 2018 жылғы 24 тамыздағы № 248 «Шығыс Қазақстан облысы медициналық ұйымдарының кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган).

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Шығыс Қазақстан облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: Шығыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Семей қаласының қан орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: индекс 071404, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Сеченова көшесі, 4.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні қан қызметі аясындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау саласында қызметті іске асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты сапалы және уақтылы медициналық қызмет көрсету, соның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету болып табылады.

14. Қойылған мақсатқа қол жеткізу, осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнасымен анықталған міндеттер мен функцияларды шешу үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін іске асырады:

1) Медициналық қызмет:

а) қан мен оның компоненттерін дайындау, косервациялау, сақтау, қайта өңдеу, тарату:

- қан мен оның компоненттерін сақтау және тарату;
- қан мен оның компоненттерін дайындау, консервілеу, қайта өңдеу;

б) зертханалық диагностика:

- жалпы клиникалық зерттеулер;
- серологиялық зерттеулер;
- адамның иммундық тапшылығы вирусын (АИТВ диагностикасы) зертханалық диагностикасы;

- бактериологиялық зерттеулер;

- биохимиялық зерттеулер;

в) алғашқы медициналық-санитарлық көмек:

- білікті көмек;

2) Фармацевтикалық қызмет:

Донорлық сала аумағында және қан және қанның косалқы құрамына дәрі-дәрмектерді жалпылама сатып алуда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету шеңберінде жүзеге асады.

3) Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы қызмет: аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, гигиеналық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес аурулардың (атап айтқанда, инфекциялық, өндірістік жарақаттану) алдын алуға бағытталған медициналық тексерулер жүргізу.

15. Кәсіпорынның осы Жарғымен бекітілген қызметінің мәні мен мақсатына жатпайтын қызметті іске асыруына, сондай-ақ Кәсіпорынға пайда және/немесе кіріс әкелетін келісім жасауына құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Тиісті саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамаларында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган:

1) Кәсіпорынға қатысты жергілікті атқарушы орган атынан коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқының іске асырады;

2) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

3) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе оның меншікті шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған, сонымен қатар, артық мемлекеттік мүлікті мақсатты пайдалану бақылауының нәтижесінде анықталған пайдаланылмайтын немесе тағайындалуы бойынша пайдаланылмайтын мүлікті алып тастауды немесе қайта таратуды жүзеге асырады;

5) Кәсіпорынға теңгерім есебінен шығару арқылы алынып тасталған мүліктің басқа тұлғаға тапсырылғанға дейін пайдалану және сақталуын қамтамасыз ету мерзімін шешеді;

6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны жалға беруге, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

7) Мемлекеттік мүліктің мақсатты пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған кәсіпорынның артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмаған мүлкін тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз бақылауды жүзеге асырған сәттен бастап алты ай өткен соң алып қоюды жүзеге асырады;

8) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті кейіннен баланстан есептен шығара отырып, оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстау және сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

9) тиісті саланың уәкілетті органына кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынды басқарудың тиімділігі мен жұмыс істеуіне мониторинг жүргізуді және ұйымдастыруды жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен оның құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді шешеді.

20. Тиісті саладағы уәкілетті орган:

1) Кәсіпорын қызметінің мәнін, мақсаттарын және түрін анықтайды;

2) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуын талдау және бақылауды әрі Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын іске асырады;

5) Кәсіпорынды басқарудың тиімділік және функцияландыру мониторингін ұйымдастырады және өткізеді;

6) Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органға Кәсіпорынға берілген немесе оның меншікті шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған, сонымен қатар, артық мемлекеттік мүлікті мақсатты пайдалану бақылауының нәтижесінде анықталған пайдаланылмайтын немесе тағайындалуы бойынша пайдаланылмайтын мүлікті алып тастауды немесе қайта таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

7) Кәсіпорынның мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

8) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның жылдық қаржыландыру есебін бекітеді;

10) Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорынның қайта ұйымдастырылуын және таратылуын жүзеге асырады;

11) Кәсіпорынның таза табысының белгіленген бөлігін жергілікті бюджет есебіне уақытында және толықтай аударылуына бақылау жасайды;

12) Кәсіпорын басшысын және оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және оларды ұсыным бойынша қызметтен босатады;

13) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

14) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша Кәсіпорын филиалдары мен өкілеттіліктерінің директорларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды келісім жүргізеді;

15) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарының және бас есепшісінің қызметтік жалақысының мөлшерін оларға көтермелеу және басқа да сыйақы тағайындау жүйесін белгілейді;

16) Қазақстан Республикасы заңнамаларымен өз құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

21. Мемлекеттік кәсіпорынның органы оның басшысы болып табылады.

Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді. Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Еңбек келісімшартында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде анықталған шарттардан өзге бюджетке таза табыстың анықталған бөлігін уақытылы аудармағаны үшін кәсіпорын басшысының жауапкершілігі анықталады.

27. Басшы (Бас дәрігер):

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық жұмысшылары үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес Кәсіпорынның жұмысшыларын жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық еңбекақы мөлшерлерін, Кәсіпорынның жұмысшыларына (өзінің орынбасарлары мен бас есепшілерді қоспағанда) сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) Басшының ұсынымы бойынша Тиісті саланың уәкілетті органы басшының орынбасарларын тағайындайды және қызметтен босатады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы жұмысшыларының құзыретін белгілейді;

11) Тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

- 12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;
 13) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқару ерекшеліктері

28. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдынала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) ұсыныстар енгізеді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратының) ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

29. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынға қойылатын критерийлерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Тізбеленген барлық критерийлерге сәйкес келу байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды (бұдан әрі - кәсіпорын) құруға, сондай-ақ денсаулық сақтау саласында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда байқау кеңесін енгізуге мүмкіндік береді:

1) кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде 10 000 еселік мөлшерін құрайды;

2) байқау кеңесі бар кәсіпорынды құру жағдайларын қоспағанда, кәсіпорынның штаттық қызметкерлерінің жалпы саны кемінде 100 адамды құрайды;

3) байқау кеңесі бар кәсіпорынды құру жағдайларын қоспағанда, кәсіпорынның ағымдағы қаржы жылының алдыңғы бір жылдағы жылдық жиынтық табысы тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде 30 000 еселік мөлшерін құрайды;

4) байқау кеңесі бар кәсіпорынды құру жағдайларын қоспағанда, кәсіпорынның негізгі қызметінен түсетін табыс жылдық жиынтық табыстың кемінде 70 %-ын құрайды.

30. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

31. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының), байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

32. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік

кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

33. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

34. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Кәсіпорынның мүлкі

35. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

36. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

37. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

38. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

39. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

40. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

41. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

42. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

43. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

44. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

45. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 40 және 42 - тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығында) дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорын қызметінің қаржыландырылуы

46. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

47. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

48. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

50. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 36 238 000 (отыз алты миллион екі жүз отыз сегіз мың) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

9. Кәсіпорын есебі және есеп беруі

51. Кәсіпорынның бухгалтерлік есеп жүргізуі және қаржылық есептілікті құрастыру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы орган) келісімі бойынша Кәсіпорын басшысымен бекітілетін есептік саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

52. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есебі: бухгалтерлік баланс, пайдалар мен залалдар туралы есеп, ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазбадан тұрады.

53. Кәсіпорын бақылау кеңесімен бірге жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті. Кәсіпорын аудиті басшының, Тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша Кәсіпорынның қаражаты есебінен өткізілуі мүмкін.

10. Кәсіпорын жауапкершілігі

54. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүліктің бәрімен жауап береді.

55. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапты емес. Мемлекет Құрылтайшының немесе Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның немесе Тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттері нәтижесінде болған банкротқа ұшырау жағдайларын қоспағанда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жергілікті атқарушы органның іс-әрекеттері нәтижесінде болған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның банкротқа ұшырауына да жауапты емес. Осындай жағдайларда мемлекет кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

56. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Заңдарымен мемлекет жауапкершілігінің өзге де жағдайлары белгіленуі мүмкін.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

57. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

58. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

59. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

60. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

61. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) есепшілерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

62. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

63. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

64. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

65. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

**Шығыс Қазақстан облысы
денсаулық сақтау басқармасының
«Семей қаласының қан орталығы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорынның директоры**

**Келісілді
«Шығыс Қазақстан облысының
денсаулық сақтау басқармасы»
мемлекеттік мекеменің басшысы**

А. Б. Альжанова



М. Е. Шоранов

Утвержден
приказом государственного учреждения
«Управление по государственным
закупкам и коммунальной собственности
Восточно-Казахстанской области»
от « 06 » 12 2018 года
№ П-655

Устав
коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного
ведения «Центр крови города Семей»
управления здравоохранения Восточно-Казахстанской области

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Центр крови города Семей» управления здравоохранения Восточно-Казахстанской области (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Восточно-Казахстанского областного акимата от 24 августа 2018 года № 248 «О переименовании некоторых организаций здравоохранения Восточно-Казахстанской области».

3. Учредителем Предприятия является Восточно-Казахстанский областной акимат (далее – Местный исполнительный орган).

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет государственное учреждение «Управление по государственным закупкам и коммунальной собственности Восточно-Казахстанской области» (далее – Уполномоченный орган по государственному имуществу).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управление здравоохранения Восточно-Казахстанской области» (далее – Уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Центр крови города Семей» управления здравоохранения Восточно-Казахстанской области.

7. Место нахождения Предприятия: индекс 071404, Республика Казахстан, Восточно-Казахстанская область, город Семей, улица Сеченова, 4.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

